



«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық кітапханасының

директоры

Оспанова Б.Қ.

«09» сәуір 2022 ж.

## «Мұхтар Әуезовті оқимыз» Халықаралық акция-байқауы туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің (1897-1961 жж.) туғанына 125 жыл толуына арналған «Мұхтар Әуезовті оқимыз» Халықаралық акция-байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, қатысу шарттарын, өткізу тәртібі мен Байқаудың үздік іс-шарасын (іс-шараларды) анықтайды.

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Мұхтар Әуезовті оқимыз» Халықаралық байқауының құрылтайшылары мен ұйымдастырушылары – ҚР Ұлттық кітапханасы (ҚР ҰК), Қазақстандық Кітапханалық Одақ, ҚР ҰК жанындағы М.Әуезов атындағы ғылыми кабинет.

2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу республика азаматтары мен жас ұрпақтың білімге құштарлығын және әдебиетті оқуға деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған әдеби шығармашылықты насихаттау қағидаттарына негізделген.

### 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаттары:

- қазақ әдебиеті мен мәдениетін, қазақ халқының рухани мұрасын насихаттау;
- Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына оқырмандардың назарын аудару және зерделеу;
- әлем халықтарын қазақ әдебиетімен таныстыру және қазақстандық авторларды әлемдік әдеби үдеріске біріктіру;
- жазушы М.Әуезовтің көркем әңгімесін, публицистикасын өскелең ұрпақ арасында насихаттау;
- кітапхана қызметін кең медиа кеңістікте көрсету;
- әдеби іс-шараларға мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ғалымдарды, педагогтарды, білім беру мекемелерінің оқушыларын және басқа да мамандарды тарту;
- қазақстандық тұрғындарды отандық әдебиетті оқумен қамту.

### 3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқауға Қазақстан Республикасының барлық жүйелері мен ведомстволарының кітапханалары, сондай-ақ ТМД және шет елдердің кітапханалары қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысушы кітапханалар өздерінің әлеуметтік желілерінде **#we\_read\_Auezov125** арнайы хэштегін көрсете отырып, кітапханашылар әзірлеген мультимедиялық презентациялар, шығармашылық жұмыстар, виртуалды және дәстүрлі кітап көрмелері, әдістемелік материалдар, фотосуреттер, репортаждар, сұхбаттар, іс-шараларға шолулар және басқа да материалдар туралы ақпараттар орналастыруы қажет.

### 4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Акция мен іс-шаралар Байқау жарияланған күннен бастап, 2022 жылғы 15 ақпаннан 1 тамызға дейін өткізіледі.

4.2. Байқауды ұйымдастырушылар қатысушылардан іс-шараларының бейнематериалдарын 2022 жылғы 1 тамыздан 1 қыркүйекке дейін қабылдайды. Қатысушы кітапханалар [metod\\_nlrk@mail.ru](mailto:metod_nlrk@mail.ru) электронды поштасы арқылы әрқайсысы 5 минуттан аспайтын бейнефильм, бейнекатар, дайджест және т.б. түріндегі 3 жұмысқа дейін ұсына алады.

#### 4.3. Бейнематериалды бағалау критерийлері

- сюжеттің өзектілігі және заманауилығы;
- материалдың рухани және зияткерлік құрамы;
- берілген тақырыптың креативті ұсынылуы;
- инновациялық тәсіл;
- бейнематериалдың сыртқы және мәтіндік безендірілуі және бейнемонтаждың сапасы.

#### 4.4. Бейнематериалға қойылатын техникалық талаптар

- бейнежазбаның ұзақтығы 5 минуттан аспауы қажет және оларды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазуға болады;
- бейнежазба мүмкіндігі (разрешение) және пішімі: 1920x1080, 25 Fps, file format MP4, AVI, WMV, MOV, M2TS болуы;
- егер сіздің бейнежазбаңыз смартфонның көмегімен жазылса, оны көлденең режимде түсіру;
- ұйымның, елдің атауын, сондай-ақ кітапхананың жауапты өкілінің аты-жөні мен мәліметтерін көрсету.

4.5. «Мұхтар Әуезовті оқимыз» халықаралық акция-байқауы мәдениеттанушы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің қатысуымен 2022 жылғы 28 қыркүйек күні қорытындыланатын болады.

4.6. Байқау жеңімпаздарына естелік сыйлықтар мен дипломдар табысталады. Үздік жұмыстар ҚР Ұлттық кітапханасының ресми сайтында орналастырылады және республикалық телеарнаның бағдарламасында көрсетіледі.